

Annotation In article the main objectives of providing a sustainable development of rural territories and an assessment of resource capacity of territories are considered. Tendencies of development of natural and social and economic processes are defined.

Keywords: organization, sustainable development, control system, investment, social and economic development.

ӘОЖ: 634.11:632.4.(574.51)

Қадырбекова Ж.Д., Жұманова Ж.К., Көпжасаров Б.К.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті,
Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты*

АЛМАНЫҢ ТАЗ ҚОТЫР АУРУЫНА ҚАРСЫ ФУНГИЦИДТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада алма таз қотырына қарсы строби, 50% с.д.т, раек э.к. жаңа фунгицидтердің тиімділігі зерттелді.

Кілт сөздер: Таз қотыр, апорт сорты, мақпал өңез, жапырақ, фунгицид.

Кіріспе

Алма таз қотыры 60-жылдардың бас кезінде Алматы аймағында сирек тіркеліп және біртіндеп Қазақстанның оңтүстік пен оңтүстік-шығыс бақша шаруашылығының өндірістік аймақтарында кеңінен тарай бастады. Алма таз қотырының күшті эпифитотиясы оның қоздырушыларына ауа райы қолайлы болғанда 80-90 жылдары белең алды.

Аурудың дамуына ауа райы жағдайы қатты әсер етеді, көктем мен жаздың бірінші жартысы ылғалды болған сайын, сол құрлым жемістер мен жапырақтарда көп кездеседі. Және керісінше, жаз құрғақ болса, әсіресе көктемде, ағаштарда таз қотыр аз болады [1].

Алма таз қотыры – шекілдеуік тұқымдастарында кеңінен таралған ауру. Жапырақтар мен жемістерді залалдайды. Жапырақтарда сарғыш түсті домалақ дақтар, споралардан тұратын мақпал өңездер пайда болады. Алмада таз қотыр дақтары көбінесе жапырақтың сыртқы бетінде пайда болады. Қатты залалданған жапырақтар түсіп қалады, ағаштардың жалпы жағдайында көрініс табатыны – өсуі тежеледі, суыққа төзімділік төмендейді. Жемістерде таз қотыр қоңыр дақ түрінде пайда болып, бастапқыда мақпал өңезбен және ақшыл түсті шеңбермен қоршалыады. Жемістерде тозданған ұлпа жиі жарылып кетеді. Аурумен ерте залалданғанда жемістердің пішіні бұзылады, ол өнімнің тауарлық сапасын өте қатты түсіреді. Залалданған жемістер жақсы сақталмайды [2].

Республикамыздағы фитосанитарлық жағдай жеміс өндіруге үлкен қауіп төндіреді. Улы химикаттарды қолдану шарасына бақылау жүргізілмегендіктен, вегетациялық кезеңде бақта кейбір жылдары 8-10 химиялық өңдеу жүргізеді. Осыған байланысты, химиялық өңдеудің мөлшері мен қайталануын, пестицид шығыны ұлғайтып, өнім мен қоршаған орта ластанады. Нәтижесінде, доминантты зиянды организмдердің резистентті популяциясы қалыптасады.

Көпжылдық жеміс ағаштарының зиянды организмдерімен күресуі тек препараттар ассортиментін үздіксіз алмастырып отыру кезінде ғана мүмкін, себебі бір пестицидті бірнеше рет қолдану, зиянды организмдердің оған бейімделуіне себеп болады. Қорғау әсері жоғары және әсер ету бағыты бар жаңа пестицидтерді қолдану, персистенттілігі төмен және резистенттілігі жоқ, қорғау шараларының жүйесін дифференциялауға мүмкіндік беріп, мерзімде бүркүдің қайталанымын және гектарына шығын мөлшерін төмендетеді [3].

Зерттеу нәтижелері

Осы мәселеге байланысты алма таз қотырына қарсы жаңа фунгицидтердің тиімділігін бағалауды егістік тәжірибесінде жүргіздік. Тәжірибе «Бадалов» шаруа қожалығында апорт сортына 3 қайтара жүргізілді. Бүрку ОРП-1 аспалы бүріккішімен бір ағашқа 5-6 л шығын мөлшерінде жүргізілді.

Строби, 50% с.д.т – алма ағашы таз қотырымен күресетін заманауи және тиімді фунгицид. Бұл препарат жергілікті-жүйелі әсерлі тобына жатады.

Строби фунгицидінің қоршаған ортаға және пайдалы организмдерге, соның ішінде, араларға басқа препараттармен салыстырғанда қауіпсіздігі басымырақ болып табылады. Строби – гүлдеу фазасында қолдануға болатын және әсер ету мерзімінің ұзақтығы мен атмосфералық құбылыстарға тұрақтылығы ерекшелігімен бағаланатын жалғыз препарат. Онымен өсімдікті өңдегеннен кейін, жаңбыр жауса жасалған жұмыс босқа жасалды деп қауіптенбеуге болады. Препарат ылғал жапырақта сонымен қатар салыстырмалы төмен температурада (1-4⁰С) өңдеуге жарамды. Бұл фактор ауру қоздырғышы жауын-шашын мерзімінде өте белсенді таз қотыр ауруымен күресуде маңызды болып табылады.

2013 жылдың көктем мезгілінің ауа-райы жағдайлары алманың саңырауқұлақ аурулары, әсіресе алма таз қотырының дамуына қолайлы болды. Біз строби, с.д.т фунгицидінің тиімділігін 0,15 және 0,2 л/га шығын мөлшерінде зерттедік, эталон ретінде раек, э.к. препараты – 0,15 және 0,2 л/га мөлшерінде қолданылды.

Өңдеу процессі жемістің жаңғақ тәрізді мерзімінде жасалды, ол кезде жапырақтардың залалдануы 23,6 даму деңгейі 7,2% және жемістің залалдануы 14,6 даму деңгейі 3,3%-ды құрды.

Кестеде көрсетілгендей строби, с.д.т. фунгицидінің шығын мөлшері – 0,15 және 0,2 л/га қолданғанда биологиялық тиімділігі алманың таз қотыр ауруына қарсы, жапырақтарда 93,1-94,5%, жемістерінде 92,7 - 93,5%-ды құрды. Аурудың дамуы жаздың бірінші жартысында ең жоғары дәрежесіне жетті. Эталон ретінде қолданылған раек, э. к. препаратының биологиялық тиімділігі шығын мөлшері 0,2 л/га зерттеліп отырған препараттан сәл төмен болып жапырақтарында 93,8%, ал жемістерінде 92,7%-ды құрды.

Кесте 1 – Алманың таз қотыр ауруына қарсы строби с.д.т. фунгицидінің биологиялық тиімділігі, 2014 ж.

Тәжірибе нұсқасы	Шығын мөлшері, кг, л/га	Жапырақтардың таз қотырмен залалдануы, %		Биологиялық тиімділігі, %	Жемістердің таз қотырмен залалдануы, %		Биологиялық тиімділігі, %
		P	R		P	R	
Строби, с.д.т	0,15	2,1	1,0	93,1	1,8	0,9	92,7
Строби, с.д.т	0,2	1,9	0,8	94,5	1,6	0,8	93,5
Раек, к.э. (эталон)	0,15	2,2	1,1	92,4	2,0	1,0	91,9
Раек, к.э. (эталон)	0,2	2,0	0,9	93,8	1,9	0,9	92,7
Бақылау (өңдеусіз)	-	29,4	14,5	-	24,6	12,3	-

Сонымен қатар, біз строби, с.д.т. препаратын таз қотыр ауруына қарсы қолданған нұсқада өнімділік бақылаумен салыстырғанда 15,5 ц/га артық болғанын айқындадық. Строби с.д.т. фунгицидімен бақтарды ауру қоздырғыштарға қарсы өңдеу оң нәтижелерді көрсетті.

Сонымен, строби с.д.т, препараты алманың таз қотыр ауруының қоздырғышына қарсы өңдеу өнімнің тауарлық сапасын жақсартады және алма жемісін аурулардан қорғауда жоғары тиімділігін береді. Строби с.д.т., фунгицидін жеміс шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарға алманың таз қотыр ауруына қарсы ұсынамыз.

Қорытынды

Мақалада строби с.д.т препаратының 0,2-0,15 л/га мөлшерде алманың таз қотыр ауруына қарсы биологиялық тиімділігі туралы мәліметтер келтірілген. Строби, с.д.т фунгицидімен өңдеу бақтарда таз қотыр ауруына қарсы оңтайлы нәтиже көрсетті.

Әдебиеттер

- 1.Исин М.М. Болезни сада. Алма-Ата, 1974.-247с.
- 2.Сагитов А.О., Джаймурзина А.А., Туленгутова К.Н., Карбозова Р.Д. Ауыл шаруашылық фитопатологиясы. Алматы, 2000. – 210б.
- 3.Чумаков А.Е., Захарова Т.И. Вредоносность болезней сельскохозяйственных культур. М.,// Агропромиздат, 1990. -141с.

Кадырбекова Ж.Д., Джуманова Ж.К., Копжасаров Б.К.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ФУНГИЦИДА ПРОТИВ ПАРШИ ЯБЛОНИ

В статье приводятся данные о биологической эффективности препарата строби, в.д.г. при нормах расхода 0,15-0,2 л/га против парши яблони. Обработка фунгицидом строби, в.д.г в насаждениях против болезни дала положительные результаты.

Kadyrbekova J.D., Jumanova J.K., Kopzhasarov B.K.

EFFICIENCY FUNGICIDE AGAINST APPLE SCAB

In an embodiment, the use of the drug strobe against scab yields were higher than controls at 15.5 kg / ha. Fungicide treatment strobe in stands against diseases have yielded positive results.

ӘОЖ: 633.16: 632.4

Қалдибаева Б.К., Сұлтанова Н.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДА АРПАНЫҢ ҚАРА-ҚОҢЫР ДАҚ АУРУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада республиканың оңтүстік-шығысында арпаның қара-қоңыр дақ ауруы зерттелді.

Кілт сөздер: Тамыр шірігі, қоздырғыш, алғы дақыл, сорттары, даму динамикасы.

Кіріспе

Арпа ежелден бері егіліп келе жатқан мәдени дақылдардың бірі және ол б.д. дейінгі Х–ХV ғасырлардан белгілі. Дәнді дақылдардың ішінде ол ауа райының қолайсыз жағдайына ең төзімді дақыл болып саналады.